

Алматы қаласының жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік оқу, жоғары кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқу нысанындағы оқушылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері үшін қалалық қоғамдық көлікте жүру жеңілдіктері туралы

Күшін жойған

ІІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVIII сессиясының 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 180 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 30 қыркүйекте N 672 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 18 қаңтардағы N 395 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXVI сессиясының 2011.01.18 N 395 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз).

"Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабы 1 тармағының 3 тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына, "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4 қаулысына сәйкес, Алматы қаласының жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік оқу, жоғары кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқу нысанындағы оқушыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғау мақсатында ІІІ сайланған Алматы қаласының Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2005 жылғы 1 қазаннан бастап Алматы қаласының жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік оқу, жоғары кәсіптік оқу орындарының күндізгі оқу нысанындағы оқушыларына меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан көрсетілген жеңілдік құқығын айғақтайтын тиісті құжат болған жағдайда қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру төлемінің 50 пайызы көлемінде жеңілдік енгізілсін.

2. 2005 жылғы 1 қазаннан бастап Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілері қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру төлемінен босатылсын.

3. Алматы қалалық әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік мәселелер және денсаулық жөніндегі тұрақты комиссияға (Е.Б. Тәжиев) және Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары З.И.Заяцқа жүктелсін.

	<i>Алматы қалалық III сайланған</i>
	<i>Мәслихаты XVIII сессиясының</i>
<i>төрағасы</i>	<i>С. Қалақов</i>
	<i>Алматы қалалық III сайланған</i>
<i>Мәслихатының хатшысы</i>	<i>Т. Мұқашев</i>